

**ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай-балабақшасы
меңгеруші жанындағы кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

27.09.2024 жыл

Дербісек ауылы

Қатысқаны: 23

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Топтардағы ата-аналар жиналысын өткізуі және оған дайындық деңгейі
Жауапты әдіскер: К.Усипбекова, тәрбиешілер
2. Жас ерекшеліктеріне қарай балалардың бастапқы мониторинг
диагностикалық кезеңдерін бақылау нәтижесі
Жауапты әдіскер: К.Усипбекова
3. Жаңадан келген балалардың бақшаға бейімделуі.
Жауапты психолог: м.у.а. Г. Сайтимбетова
4. Қазан айында өтілетін іс-шараларды талқылау
Жауапты меңгеруші: А. Оразбаева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Н.Оразбаева топтардағы ата-аналар жиналысын өткізу және оған дайындық деңгейін талқылады.

Топ тәрбиешілері жас ерекшелігіне қарай топтарда өткізілген жиналыстар және онда қаралған мәселелер бойынша есеп берді.

Әдіскер К. Усипбекова сөз сөйлеп тәрбиешілердің топтардағы ата-аналар жиналысын қорытындылады.

Сөз сөйлеген тәрбиеші С. Жапрбарова. Біз тәрбиешілер жиналыста ата-аналарға балалардың бір жасқа есейгенін балалардың білім дағдыларын қалыптастыру міндеттері арта түсетінін айтып түсіндірдік. Жаңа оқу жылының мақсат міндеттері, оқу жоспары, күн тәртібі және техника қауіпсіздігін сақтау ережелерімен таныстырдық. Жаңа оқу жылына оқу құралдарын түгендеу, алдағы мерекелерге, іс-шараларға дайындық жұмыстары туралы айтылды. Бала тәрбиесі туралы педагогикалық кеңестер мен трениктер жүргізілді.

Сөз сөйлеген әдіскер К.Усипбекова Ата-аналар жиналысы сәтті өтті. Тәрбиешілердің жиналысты жүргізуі, ұйымдастыруы жақсы. Барлық топтарда ата-аналар комитетінің төрайым-дары қайта сайланды.

Кіші «Балдәурен» тобы Тұрмахан Сымбат

Кіші «Бөбек» тобы Османова Тахмина

Кіші «Көгершін» тобы Орха Оразкүл

Кіші «Ертарғын» тобы Абуова Аяулым

Кіші «Балдырған» тобы Досқараева Айсұлу

Кіші «Жауқазын» тобы Қабыл Сабира
Ортаңғы «Балауса» тобы Периева Эльмира
Ортаңғы «Ботақан» тобы Нишанова Фатима
Ортаңғы «Еркетай» тобы Спабек Майра
Ортаңғы «Ертөстік» тобы Карибаева Жайсан
Ортаңғы «Қарлығаш» тобы Ибрагимова Эльнара
Ересек «Айгөлек» тобы Ишигова Гульчехра
Ересек «Балбөбек» тобы Оразтаева Мағрипа
Ересек «Бүлдіршін» тобы Муса Алиа
Ересек «Маржан» тобы Калданова Айдана
Ересек «Нұршуақ» тобы Рахымбердиева Гулайна
Мектеп алды «Жұлдызша» тобы Периева Эльмира
Мектеп алды «Кәусар» тобы Қожагельдиева Гульнара
Мектеп алды «Балапан» тобы Бөрібек Меруерт

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балалардың бастапқы диагностикалық кезеңдерін бақылау нәтижесі қаралды.

Әдіскер К. Усипбекова сөз сөйлеп, жас ерекшелігіне қарай балалардың бастапқы диагностикалық кезеңдері бақылау нәтижесі туралы есеп берді. - Балабақшада кәзіргі күндегі баласаны 426 балалардың білім дағдысын меңгеру деңгейіне барлық топта бастапқы бақылау жүргізілді. Топ тәрбиешінің толтырған бақылау парағын жинақтап, әдіскердің жиынтық тесебі құрылды. Жиынтық есептің нәтижесінде білім беру дағдыларын жоғары, орта, төмендеңгейде меңгерген балалардың саны төмендегіше анықталды.

Физикалық дағдылар:

Жоғары деңгейдегі балалар саны -23,2
Орта деңгейдегі балалар саны -60,5
Төмен деңгейдегі балалардың саны -46,3

Коммуникативтік дағдылар:

Жоғары деңгейдегі балалар саны -25,7
Орта деңгейдегі балалар саны -53,4
Төмен деңгейдегі балалардың саны -50,9

Танымдық дағдылар

Жоғары деңгейдегі балалар саны -26,9
Орта деңгейдегі балалар саны -55,3
Төмен деңгейдегі балалардың саны -47,8

Шығармашылық дағдылар:

Жоғары деңгейдегі балалар саны -24,7
Орта деңгейдегі балалар саны -52,4
Төмен деңгейдегі балалардың саны -52,9

Әлеуметтік дағдылар:

Жоғары деңгейдегі балалар саны -30,1
Орта деңгейдегі балалар саны -51,9

Төмен деңгейдегі балалардың саны -48

Сөз сөйлеген меңгеруші А. Оразбаева Бастапқы диагностикалық кезең болғандықтан балалардың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруі қанағаттанарлық деп есептеймін. Дегенмен де тәрбиешілер осы мониторинг бойынша әр балаға жеке даму картасын түзіп, жұмыс жасауы қажет.

Күн тәртібінде үшінші мәселе бойынша , жаңадан келген балалардың бақшаға бейімделуі психолог м.у.а. Г. Сайтимбетова есеп берді. Жаңа оқу жылы қарсаңында балабақшаға 87 бала келді 60 бала кіші топқа, ортаңғы топқа, 8, ересек топқа 10, мектеп алды тобына 9. Балалардың балабақшаға бейімделуі әр балада әр алуан сипатта өтіп жатыр. 52 баланың бейімделуі жеңіл өтті. 23 баланың бейімделуі орташа. Ал 12 баланың адаптациясы процесі әлі жүріп жатыр. Бұл балалар адаптациядан өткенше балабақшада бірнеше сағат (күннің бірінші жартысында немесе екінші жартысында) болып жатыр Орташа және ауыр бейімделудегі балалармен ұжымдық және жеке жұмыс жасап жатырмын. Ата-аналарға тәрбиешілерге «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында сауалнама жүргізіп, психологиялық кеңестер берілді. Ата-ана баланы таңертең балабақшаға әкелген кезде жылдам қоштасқаны жөн. Әйтпесе бала анасының абыржығанын сезіп қояды да анасынан айырылғысы келмей, етегіне жабысып жылайды. Бала бейбалам салған уақытта, анасы оның ырғағына жығылып қайта алып кетпеу керек. Қайткен жағдайда да бақшаға баруын ұқтыру қажет. Ал тәрбиеші әр баланың таба білу ұажет. Тек балаға деген сүйіспеншілік, шыдамдылық және педагогикалық шеберлік қана баланы баруға қызықтыра алады.

Төртінші мәселеде Қазан айына өтілетін мерекелік шараларды талқыланды. **Сөз сөйлеген-** балабақша меңгерушісі А. Оразбаева балабақшаның жылдық жоспары бойынша қазан айында атап өтілетін іс- шаралар мен жауаптылар тізімін таныстырды.

1. «Қимылды ойындар», қимыл-қозғалыс ойындары
2. «Ұзтаз-ардақты адам» тақырыбында сабақ
3. «Өлкемізге күз келді» мерекелік ертеңгілік
4. «Топтың туылған күні» кіші топтарда ойын сауық

Мәселелерді талқылай келе меңгеруші А. Оразбаева, осы аталған іс-шаралардың жоспарын құру және ұйымдастыру әдіскер К. Усипбековаға жүктелді.

Қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтау, іс-шара өтілетін орынды әзірлеу шаруашылық меңгерушісі У. Джунибековке жүктелді.

Қаулы етті:

- 1.Топтардағы ата-аналар жиналысын өткізуі және оған дайындық деңгейі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Балалардың бастапқы диагностикалық кезеңдерін бақылау нәтижесі қанағаттанарлық деп табылсын. Әр баланың жеке даму картасы бойынша жұмыстар жасалсын.
3. Топтардың жабдыкталуы, жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп табылсын. Заттық-даму орталықтарын жаңа ресурстармен толықтыру шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
4. Қазан айында өтілетін іс-шараларға дайындық жұмыстары жүргізілсін.
 - Іс-шара жоспары түзу әдіскер К. Усипбековаға жүктелсін.
 - Қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтау, іс-шара өтілетін орынды әзірлеу шаруашылық меңгерушісі У. Джунисбековке жүктелсін.
 - Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау, медбике Г. Құдайбергеноваға жүктелсін.

Кеңес төрайымы:
Хатшы:



А.Н. Оразбаева.
Л. Н. Арзыкулова

**ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай-бақшасы
меңгеруші жанындағы кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

29. 11. 2023 жыл

Дербісек ауылы

Қатысқаны: 24

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Күн тәртібіндегі бала өмірін ұйымдастыру және жоспарлау циклограммасының орындалуын бақылау нәтижесі.
Жауапты әдіскер: К.Усипбекова,
2. Балалар қатысуы мен ауруы бойынша сараптама жасау.
Жауапты медбике: Г.Құдайбергенова
3. Жедел жұқпалы аурулардың алдын алу.
Жауапты медбике: Г.Құдайбергенова
4. Желтоқсан айына өтілетін мерекелік шараларды талқылау.
Жауапты меңгеруші: А. Оразбаева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А. Оразбаева Күн тәртібіндегі бала өмірін ұйымдастыру және жоспарлау циклограммасының орындалуын бақылау нәтижесін талқылады.

Әдіскер К. Усипбекова сөз сөйледі

- 2024-2025 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатына сәйкес күн тәртібіндегі бала өмірін ұйымдастыру және жоспарлау циклограммасын пән мамандары мен тәрбиешілер бір журналға жоспарлап жазуда. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер үлгілік оқу жоспарына сәйкес күні бойына жоспарланған. Дегенмен де тәрбиешілер арасында ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ойын түрінде күні бойына жоспарлауды әліде меңгере алмай жүргендер бар. Іс-әрекеттерді жоспарлау бойынша тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсету жалғасуда.

Тәрбиеші А. Усипбекова сөз сөйледі

-Бұрын оқу жоспарында ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі апталық жүктемемен берілетін. Сол жүктемеге сәйкес циклограмма журналына апта күндеріне жоспарлап жазатын едік. Енді балалардың дағдыларын дамыту бойынша іс-әрекеттерді әр күні, таңертеңнен кешке дейінгі уақытқа жоспарлауды әлі де үйреніп жатырмыз.

Екінші мәселе бойынша балалар қатысуы мен ауруы бойынша сараптама жасалды.

Сөз сөйлеген медбике Г. Құдайбергенова

-Балабақшада 426 бала тәрбиеленуде. Балабақшадан себепсіз қалған балалар тіркелмеді. Ата-анасының еңбек демалысына шығуына байланысты өтініш бойынша екі бала демалыста. Қазіргі таңда денсаулығы бойынша 1 бала тұмау болып, амбулаториялық емделуде. Сырқаттанған балалар балабақшаға толық айыққан соң, денсаулығы туралы анықтамамен қабылданады. Басқа балалар арасында сырқаттану туралы есепке алынбады. Қызылша ауруына қарсы екпені барлық бала толық алған. Балабақшада жедел респираторлық аурулардың алдын алу мақсатында жеке бас гигиенасын сақтау, балабақша бөлмелері мен аумағының тазалығын сақтау, бөлме ауасын балалар жоқ кезде желдетіп тұру жұмыстары жүргізілуде.

Үшінші мәселе бойынша бойынша жедел жұқпалы аурулардың алдын алу туралы болды. Балабақша медбикесі Г.Құдайбергенова сөз сөйледі. Ол жедел жұқпалы аурулардың алдын алу үшін атқарып жатқан жұмыстарын баяндады. Сонымен қатар педагогтерге медициналық кеңестер жүргізді. -Күздің алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Сондықтан күз кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау, ауырған баланы дәрігер рұқсатынсыз қабылдамау басты назарда болуы керек. Егер бала ауырған жағдайда ата-ана бірден бізге ескертіп, баланы ауылдық амбулаторияға қаратулары керек. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина егтіру, оны жыл сайын егтіру қажет. Өйткені тұмаудың вирусы үнемі өзгеріп отырады. Ата-аналар балаларға арналаған «Поливит», «Дуавит», «Центрум» сияқты поливитаминдерді беріп жүруі қажет.

Төртінші мәселеде Желтоқсан айына өтілетін мерекелік шараларды талқыланды.

Сөз сөйлеген- балабақша меңгерушісі А. Оразбаева балабақшаның жылдық жоспары бойынша желтоқсан айында аудандық семинар өтілетінін айтты. Және оны ұйымдастыруға жауаптыларды талқылады, семинарды ұлттық біртұтас тәрбиеге негізделуін тапсырды

1. Семинарды желтоқсан айының тақырыбына байланыстырып өтілуін және «Менің Қазақстаным!» Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған және Біртұтас тәрбие аясында өткізілуін талап етті
«Балбөбек» «Балауса» «Кәусар» «Нұршуақ» «Жұлдызша» «Балапан» «Еркетай» топтарында семинар ашық оқу іс-әрекеті болатынын хабарлады

2. «Жасыл шырша жанындағы оқиғалар» Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгіліктер

Балабақша меңгерушісі осы мерекелерді ұйымдастыруға жауаптыларды бекітті.

Жарыссөзде мәселені талқылай келе, осы аталған іс-шаралардың жоспарын құру және ұйымдастыру әдіскер К. Усипбековаға жүктелді.

Қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтау, іс-шара өтілетін орынды әзірлеу шаруашылық меңгерушісі У. Джунисбековке жүктелді.

Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау, медбике Г.

Құдайбергеноваға жүктелді.

Қаулы етті:

2. Педагогтар мен пән мамандарының Күн тәртібіндегі бала өмірін ұйымдастыру және жоспарлау циклограммасын бақылау нәтижесі қанағаттанарлық деп табылсын. Циклограмманы жоспарлауда тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсету әрі қарай жалғастырылсын.

3. Балалар қатысуы мен ауруы бойынша сараптама нәтижесі қанағаттанарлық деп табылсын.

4. Балабақшадағы тамақтану сапасының ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп табылсын.

5. Желтоқсан айына өтілетін семинарға және шырша мерекесіне дайындық жұмыстары жүргізілсін.

- Іс-шара жоспары түзу әдіскер К. Усипбековаға жүктелсін.

- Қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтау, іс-шара өтілетін орынды әзірлеу шаруашылық меңгерушісі У. Джунисбековке жүктелсін.

-Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау, медбике Г.

Құдайбергеноваға жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А.Н. Оразбаева.

Л. Н. Арзыкулова

**ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай-бақшасы
меңгеруші жанындағы кеңес отырысының
№3 хаттамасы**

19. 01. 2025 жыл
Қатысқаны: 64

Дербісек ауылы

Күн тәртібінде:

1. Шығармашылық топтың жұмысы туралы
Жауапты-әдіскер: К. Усипбекова
2. Тамақтану сапасының дұрыс ұйымдастырылуы
Жауапты-дәмбике Г. Құдайбергенова
3. Ертеңгілік жаттығуды өткізуді, қимылды ойындарды ұйымдастыруды
бақылау нәтижесі Жауапты-меңгеруші А. Оразбаева
4. Жас ерекшеліктеріне қарай топтарда аралық мониторинг кезеңдерін
бақылау нәтижесі.
Жауапты-әдіскер К. Усипбекова

Тыңдалды:

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша, шығармашылық топтың жұмысы талқыланды.

- СӨЗ СӨЙЛЕГЕН бөбекжай-бақша әдіскері К. Усипбекова:

-2024-2025 оқу жылының шығармашылық жұмысы өз деңгейінде жұмыстар атқаруда. Музыка жетекшісі Б. Мырзакулов «Музыкалық аспаптар мен ойыншықтар» тақырыбында озық іс-тәжірибе жинақтауда. Оның жинақтаған іс-тәжірибесі құнды деп білемін. Музыка жетекшісі Б. Мырзакуловтың іс-тәжірибе жұмысы барысында анықталғаны, музыкалық ойыншықтар мен аспаптарды ойнай отырып, балалардың тек музыкаға деген қызығушылығы артып қоймай, сонымен қатар физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдылары да дамиды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН озық іс-тәжірибе жинақтаушы, музыка жетекшісі Мырзакулов Бауыржан, өзінің шығармашылық жұмысының жобасымен таныстырды. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын дамытуда музыкалық ойыншықтар мен аспаптарды қолданудың тиімділігі жайында іс-тәжірибесімен бөлісті. Аудан көлемінде өткізілетін Тамыз кеңесінде мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне өз тәжірибесін таныстыратынын хабарлады.

Екінші мәселе бойынша Тамақтану сапасының дұрыс ұйымдастырылуы талқыланды.

Сөз сөйлеген-дәмбике Г. Құдайбергенова, балабақшада тамақтану сапасы дұрыс жолға қойылғандығын, сан-пин талаптары бойынша әр балаға арналған тамақ мөлшерінің нормасы сақталып жатқанын баяндады. Сондай-ақ балаға мөлшерленетін сан-пин нормаларын таныстырып, түсіндіріп өтті.

- Балалар жалығып қалмау үшін апталық ас мәзіріндегі тамақтар сол апта ішінде қайталанбайды. Күз айындағы он күндік ас мәзірімен балаларға түрлі құнарлы дәрумендерге бай көкөністермен жасалған салаттар, шырын сулар, сүт тағамдары (сүзбе, айран), жеміс жидектер беріліп жатыр. Тары, нохат, қарақұмық, жүгері, манка ботқалары күнделікті таңертеңгі аста беріледі. Құнарлы тамақтар балалардың денсаулығы мен ағзасына өте пайдалы.

Жарыссөзде сөз сөйлеген-медбике Г. Құдайбергенова аспазшылардың дәмбеке жазған апталық ас мәзірінен ауытқымай тамақ әзірлеуін қадағалап отырғанын, ал шаруашылық меңгерушісі У. Джунибеков, тамаққа қажетті барлық азық- түлікті уақытылы, сапалы жеткізіп отырғандығын баяндады

Үшінші мәселе бойынша, Ертеңгілік жаттығуды өткізуді, қимылды ойындарды ұйымдастыруды бақылау нәтижесі талқыланды.

Балабақша әдіскері К. Усипбекова сөз сөйлеп балабақшадағы ертеңгілік жаттығуды өткізу, қимылды ойындарды ұйымдастыру барысы туралы баяндады.

-Ертеңгілік жаттығу ортаңғы, ересек, мектепалды топтары үшін балабақшаның думан залында музыка әуенімен ұйымдастырылуда. Балалар жаттығу жасауға думан залға асығып, қуанып келеді. Музыка әуеніне сай қимылдар жасап жалпы жетілдіру (қолға, мойын, иыққа, белге, аяққа арналған) жаттығуларын орындап жатыр. Ал кіші топтар өз бөлмелерінде топ тәрбиешісінің ұйымдастыруымен жас ерекшелігіне сай жасалуда. Жас ерекшелігіне қарай топтардағы қимылды ойындарды өткізу сапасы да бақыланды. Тәрбиешілер ҰІӨ кезінде, серуенде, дербес әрекетте қимылды ойындарды дұрыс ұйымдастырып жатыр. Қимылды ойындардың барысында балалардың физикалық қасиеттерін: жылдамдығын, епшілдігін, белсенділігін дамытып, денелерін шынықтырып қана қоймай, ұжымдасып әрекет етуді, бір-бірімен тату ойнап, қарым-қатынасқа түсуін, қысқаша жаттамақтар айтып көркем сөйлеу қабілетін де дамытуда. Педагогтардың таңертеңгілік жаттығуды, қимылды ойындарды өткізу сапасы қанағаттанарлық.

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерішісі А. Оразбаева аралық диагностикалық кезеңдерін бақылау нәтижесін талқылады.

Сөз сөйлеген-әдіскер: К. Усипбекова

-Балалардың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында барлық топтарда Қаңтар айының 3-15 күндері аралығында аралық бақылау

диагностика жүргізілді. Топ тәрбиешілерінің толтырған бақылау парағын жинақтап, әдіскердің жиынтық есебі құрылды. Жиынтық есептің нәтижесінде білім беру дағдыларын жоғары, орта, төмен деңгейде меңгерген балалардың саны балабақша бойынша төмендегіше анықталды: Барлығы 426 бала, оның ішінде:

Жоғары деңгейдегі балалар саны 44,78

Орта деңгейдегі балалар саны-57,28

Төмен деңгейдегі балалар саны- 25,94

Мәселені талқылай келе балабақша меңгерушісі А. Оразбаева сөз сөйлеп орта, төмен деңгейдегі балалармен жеке даму картасына сәйкес жұмыс жүргізуді тапсырды.

Қаулы етті:

1. Озық тәжірибе мектебінің жұмысына бақылау нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мәдени гигиеналық дағдыларды қалыптастыру барысы қанағаттанарлық деп танылсын және әрі қарай жандандырылсын.
3. Ертеңгілік жаттығуды өткізуді, қимылды ойындарды ұйымдастыруды бақылау нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Аралық диагностикалық кезеңдерін бақылау нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын. Орта, төмен дегейдегі балалармен жеке даму картасына сәйкес дамыту-түзету жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:

ХАТШЫ:



А.Н. Оразбаева.

Л. Н. Арзыкулова

**ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай-бақшасы
менгеруші жанындағы кеңес отырысының
№4 хаттамасы**

29. 03. 2025 жыл

Дербісек ауылы

Қатысқаны: 23

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Педагог қызметкерлердің бір күндік оқу қызметінің дайындығын тексеру қорытындысы
2. Топтарда тиісті құжаттардың дұрыс жүргізілуін бақылау нәтижесі
4. Наурыз айындағы іс-шаралардың өтілу сапасын талқылау
5. Мектепалды тобын мектепке шығарып салу туралы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша педагог қызметкерлердің бір күндік оқу қызметінің дайындығын тексеру қорытындысы талқыланды.

Әдіскер К. Усипбекова педагог қызметкерлердің бір күндік оқу қызметіне дайындығын тексеру мақсатында педагогтердің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне бақылау жасалғанын айтты. Бақылау барысында анықталғаны, балалардың біліктілік дағдыларын дамыту міндеттері ойын түрінде күні бойына кіріктіріліп ұйымдастырылып өткізілуде. Тәрбиешілердің іс-әрекетті ұйымдастыруы, көрнекіліктер мен ресурстарды саралап қолдануы, топпен және жеке балалармен жұмыс жүргізуі қанағаттанарлық деңгейде. Балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, сұраққа жауап беріп, сөздерді байланыстырып, сөйлем құрауы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді. Дегенмен де тұйық, ұялшақ балалармен жеке жұмыс жүргізуді қажет етеді.

Ұсыныс:

- Тұйық балалардың сөйлеу қабілетін арттыруға ерекше назар аудару.
- Ашық сұрақтар қою арқылы өз пікірлерін айтуға мүмкіндік беру.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН психолог м.у.а: Г. Сайтимбетова

-Баланың өз мүмкіншіліктерін толық көрсетуіне кері әсерін тигізетін қасиеттердің бірі-ұялшақтық, тұйықтық. Одан бала кезден арылмаса, есейген сайын ол түрлі кедергілерге алып келеді. Сондықтанда балабақшада тұйық балалармен жеке жұмысты жандандыру қажет.

Жарыссөзде аталған ұсыныстарды талқылай келе, педагогтар бірауыздан қолдап-қуаттады.

Екінші мәселе бойынша топтарда тиісті құжаттардың дұрыс жүргізілуін бақылау нәтижесі талқыланды.

Балабақша меңгерушісі А. Оразбаева сөз сөйледі.

-Тәрбиешілердің атқаратын лауазымына сәйкес тиісті маңызды үш құжаты бар. Яғни перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың білім күзінеттілігін анықтау мониторингі мен жеке даму картасы. Олардың дұрыс жүргізілуін бақылау барысында анықталғаы.

-Тәрбиешілердің, педагог-психологтың, музыка жетекшісінің перспективалық жоспары оқу жылының басында түзіліп бекітілген.

-Балаларды тәрбиелеу мен білім берудің апталық циклограммасы әр апта сайын толтырылып бекітілуде.

-Балалардың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мониторингінің бастапқы, аралық кезеңдері уақытылы қыркүйек, қаңтар айларында толтырылып, жиынтық есеп жасалған.

-Балалар мониторингіне сәйкес орташа, төмен деңгейдегі балаларға жеке даму картасы ашылып, дамыту-түзету жұмыстары жүргізілуде.

Педагогтердің тиісті құжаттаманы жүргізу барысы қанағаттанарлық деп есептеймін.

Үшінші мәселеде Наурыз айындағы іс-шаралардың өтілу сапасы талқыланды.

Балабақша меңгерушісі А. Оразбаева сөз сөйлеп балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес балабақшада ұйымдастырылып өткізілген мерекелік іс-шаралардың өтілу сапасы туралы қорытындылады.

-8 наурыз халқаралық әйелдер күні мерекесіне орай «Айналайын ақ мамам!» тақырыбында барлық топтарда мерекелік ертеңгілік өз деңгейінде балалардың жас ерекшелігіне сай өтті. Мектепалды «Балдәурен» «Балдырған» «Бөбек» тобында Көктем аруы байқауы жақсы дәрежеде ұйымдастырылып өтті. Қатысушылардың көңіл-күйі, дайындығы өте жақсы. Ата-аналардың іс-шараны өткізуде бірлесіп, белсенділік танытқаны байқалды.

«Қош келдің, Әз Наурыз» мерекесінде салт-дәстүрлеріміз бен ұлттық ойындарымызды қайта жаңғырды. Мереке өте жоғары дәрежеде өтті. Музыка жетекшісі Б. Мырзакулов ұлттық киім үлгісі, бағдарламаны жүргізу қабілеті, сөйлеу мәнері өте жақсы.

Бесінші мәселеде Мектепалды «Балдәурен» «Балдырған» «Бөбек» тобын мектепке шығарып салу туралы талқыланды.

Балабақша меңгерушісі Мектепалды «Балбөбек» тобын мектепке шығарып салу үшін дайындық жұмыстарын жүргізу қажет екенін айта келе

жауаптыларды бекітті. Іс-шараны ұйымдастыруды әдіскер К. Усипбековаға, қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтау, іс-шара өтілетін орынды әзірлеуді шаруашылық меңгерушісі У. Джунисбековке, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауды медбике Г. Құдайбергеноваға жүктеді.

Қаулы етті:

1. Педагог қызметкерлердің бір күндік оқу қызметіне дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.
 2. Топтарда тиісті құжаттардың дұрыс жүргізілу барысы қанағаттанарлық деп танылсын.
 4. Наурыз айындағы іс-шаралардың өтілу сапасы қанағаттанарлық деп танылсын.
 5. Мектепалды тобын мектепке шығарып салуға дайындық жұмыстары жүргізілсін.
- Іс-шара жоспары түзу және ұйымдастыру әдіскер К. Усипбековаға жүктелсін.
 - Қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтау, іс-шара өтілетін орынды әзірлеу шаруашылық меңгерушісі У. Джунисбековке жүктелсін.
 - Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау, медбике Г. Құдайбергеноваға жүктелсін.
 - Мектепалды тобын аяқтағаны туралы Дипломмен марапаттауды өзіме қалдырамын.

Кеңес төрайымы:
Хатшы:



А.Н. Оразбаева.
Л. Н. Арзыкулова